



БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗДАНДЫРУ ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ

2018 жылдың 14-15 мамырдың 5B020600 - «Дінтану» білім беру бағдарламасын мамандандырылған аккредитация аясында ұйымның өзін-өзі бағалау есебін оқу және аудит нәтижесі негізінде білім берудің сапасын қамтамасыз етудің тәуелсіз агенттігі эксперттік тобының

**«НҰР-МУБАРАК» ЕГИПЕТ ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІ
УНИВЕРСИТЕТІНДЕ**

ӨТКІЗІЛГЕН СЫРТҚЫ АУДИТІ БОЙЫНША ЕСЕБІ

Алматы, 2018 жыл



Сараптамалық топ құрамы



Тышхан Кеңшілік

Топ жетекшісі

философия ғылымының кандидаты, Дінтану кафедрасының меңгерушісі, Л.Н.Гумилев атындағы Евразиялық ұлттық университеті



Patrik Laude

Халықаралық эксперт

Professor of Comparative Religion Georgetown University



Ражиа Али Махмуд Таха

Халықаралық эксперт

Египет Араб Республикасының аккредитация және білім сапасын қамсыздандыру Ұлттық комиссияның вице-президенті



Маханбет Құлмұхаммад Пірманұлы

Жұмыс берушілер өкілі

«Абу Ханифа» медресе-колледжінің директоры (Алматы қ.)



Тунгатова Улжан Аскарбаевна

Студенттер өкілі

эль-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің 6D020600 – Дінтану мамандығының 1-ші курс докторанты



Отчет по внешнему аудиту НКАОКО-IQAA

Уровень соответствия отчета по самооценке фактическому состоянию дел образовательной программы 5B020600 – Религиоведение в Египетском университете исламской культуры “Нур-Мубарак” по каждому стандарту

Стандарты	Отметьте уровень соответствия отчета по самооценке фактическому состоянию дел в вузе для каждого стандарта			
	соответствует	соответствует с небольшими замечаниями	соответствует с замечаниями	не соответствует
Стандарт 1 Цели образовательных программ и политика в области обеспечения качества		+		
Стандарт 2 Разработка, утверждение образовательных программ и управление информацией		+		
Стандарт 3 Студентоцентрированное обучение, преподавание и оценка		+		
Стандарт 4 Прием студентов, успеваемость, призвание и сертификация	+			
Стандарт 5 Профессорско-преподавательский состав	+			
Стандарт 6 Учебные ресурсы и поддержка студентов	+			
Стандарт 7 Информирование общественности		+		



МАЗМҰНЫ

ТАРАУ 1 КОНТЕКСТ ПЕН АУДИТ МАҚСАТЫ

Кіріспе..... 6

ЖОО-ның негізгі сипаттамасы 6

ТАРАУ 2 Сарапшылар тобының сыртқы аудит туралы есебі

Мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу стандарттарымен сәйкестігі

Кіріспе..... 8

Стандарт 1

Білім беру бағдарламаларының мақсаттары мен сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясаты 9

Стандарт 2

Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпараттарды басқару..... 12

Стандарт 3

Студентке орталықтандырылған оқыту, білім беру және бағалау 16

Стандарт 4

Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау 20

Стандарт 5

Профессор-оқытушылар құрамы 24

Стандарт 6

Оқу ресурстары және студенттерді қолдау 27

Стандарт 7

Жұртшылықты ақпараттандыру 29

ТАРАУ 3

ҚОРЫТЫНДЫ..... 31

ҚОСЫМША

Қосымша 1

Сыртқы аудит бағдарламасы..... 33

Қосымша 2

Сұхбатқа қатысушылардың тізімі..... 35



1 ТАРАУ

КОНТЕКСТ ПЕН АУДИТ МАҚСАТЫ

Кіріспе

«Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университетінде 2018 жылдың 14-15 мамыр күндері 5B020600 – «Дінтану» білім беру бағдарламасын мамандырылған аккредиттеуден өткізу сыртқы аудиті өткізілді.

Эксперттік топтың жұмысы БСҚА бағдарламасы негізінде атқарылды. Аудит басталмастан бұрын, барлық эксперттік топтың мүшелері іс-шараны сауатты өткізуге көмектесетін, тұтастай жұмысқа қажетті материалдармен (тексеріс бағдарламасы, университеттің білім беру бағдарламаларын өзін-өзі бағалау есебі, мамандандырылған сыртқы аккредиттеуді ұйымдастыру бойынша басшылық, эксперттің ар-намыс Кодексі) қамтамасыз етілді.

«Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университетінің басшылығымен – ректоры, профессор Жуда Абдулғани Басюнимен кездесуді ұйымдастыру эксперттік топқа мекеменің жалпы қалпымен, ЖОО-ның соңғы жылдардағы жетістіктерімен және болашақтағы жоспарларымен толық танысуға мүмкіндік берді. Сыртқы аудит бағдарлама бойынша жүргізілді. Аталмыш аудит кезінде өткізілген іс-шара барысында эксперттік топ университет құрамы жайлы едәуір толық ақпарат пен мағлұмат алуға мүмкіндік алды.

5B020600 – «Дінтану» білім беру бағдарламасы (БББ) бойынша 99 беттік көлемдегі өзін-өзі бағалау есебі эксперттік топ құрамына білім беру мекемесіне сыртқы аудит өткізу мерзімінен бұрын берілген. Есеп кіріспеден, өзін-өзі бағалау рәсімінің нәтижесінен және қорытындыдан тұрады. 5B020600 – «Дінтану» білім беру бағдарламасы бойынша өзін-өзі бағалау есебі сарапшыларға БСҚА мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу критерилері мен стандарттарына сай алдын ала аталмыш білім беру бағдарламасы туралы пікір жасауға мүмкіндік алды.

Аудит өткізу барысында эксперттік топ 5B020600 – «Дінтану» ЖОО басшылығы (ректор, профессор Жуда Абдулғани Басюни, университет проректоры, профессор Керим Ш.Т.) мен әкімшілік құраммен, кафедра меңгерушілері мен ПОҚ-пен, студенттер мен жұмыс берушілермен және түлектермен біршама кездесу мен сұхбат өткізді. Жалпылай алғанда, жоо-ның кездесу өткізу кезіндегі және құжаттарды зерттеу барысында, эксперттік топтың кафедралар мен аудиторияларды, кітапханалар мен компьютерлік сыныптарды, жатақханалар мен қолдау қызметтері сияқты жерлерді қарау барысында аккредитеуден өтетін бағдарлама туралы, оны орындау мен мазмұны туралы, құрылымы мен қоры және басқаруы туралы едәуір толық ақпарат пен мағлұмат алуға мүмкіндік алды.

ЖОО-ның негізгі сипаттамалары



1993 жылы 16 маусымда Н.Назарбаев пен ЕАР Уақыфтар министрі Мұхамед әл-Махжубтың университет қалашығының алғашқы тасын қалау рәсімі өтті. Екі ел басшыларының келісімімен университет Нұр-Мұбарак деп аталды.

Оқу орны ҚР-ның заңдары мен екі ел үкіметтерінің университетке байланысты келісімі және өз жарғысы негізінде жұмыс атқара бастады. Университетке жалпы басшылық ету мен оның екі жақты қызметін үйлестіруші Қамқорлар кеңесі құрылған. Қамқорлар алқасының шешімімен университет жарғысы белгіленіп, ЖОО-ның басшылығын тағайындау бойынша ректор ЕАР-ның азаматы, проректор ҚР-ның азаматы болуы шарт етілді. Алқа келісімімен университет ректорлығына академик, профессор Махмұд Фахми Хижази, проректоры болып филология ғылымдарының докторы, профессор Шамшәдин Керім тағайындалды. ҚР тарапынан 9, ЕАР-нан 7 адам мүшелік еткен кеңес құзіретіне қаржы, мәдени, білім беру саясатын қалыптастыру туралы мәселелер кірді.

Нұр-Мұбарак ЕИМУ 2001 жылдың 1 қыркүйегінен бастап студенттерге дәріс бере бастады. Білім жолындағы қос мемлекет басшыларының келісімі ҚР Парламентінде ратификацияланып, 2003 жылы 2 шілдеде ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жарғысымен күшіне енді.

Қазақстан және ЕАР Қамқорлар Кеңесінің шешімімен 2014 жылы тамыз айында Нұр-Мұбарак ЕИМУ-іне жаңа ректор тағайындалды. Нұр-Мұбарак ЕИМУ-нің ректоры профессор Жуда Абдулғани Басюни – ірі ислам ойшылы, ислам шариятының көрнекті ғалымы.

Нұр-Мұбарак ЕИМУ-не 2010 жылдың 29 қыркүйегінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби білім аясында білім беру қызметін жүргізу құқығы бойынша мерзімі шектеусіз ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті тарапынан АБ сериясының № 0137466 мемлекеттік лицензиясы берілді.

Нұр-Мұбарак ЕИМУ Дінтану БББ 2003 жылы қысқартылған бағдарлама негізінде ашылған болатын. Алғашында құрылымдық, кадрлық мәселелерге байланысты, мамандық басқа (университетіміздің Жаратылыстану және гуманитарлық пәндер) кафедра құрамында жұмыс жасап келді. Дінтану кафедрасы өз алдына дербес болып 2011 жылы бөлініп шықты.

2017 жылы Дінтану БББ жоспарлы мемлекеттік аттестациядан 2015 жылы университет БСҚТҚА агенттігінде институционалдық аккредитациядан өткен.

Университеттің мекен-жайы:

001000 Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы,

әл-Фараби даңғылы, 73

тел.: 8(7272) 302-09-45, факс: 8(7272) 302-09-30

Эл.пошта: nur-mubarak2001@mail.ru

Сайт: www.nmu.kz



2 ТАРАУ САРАПШЫЛАР ТОБЫНЫҢ СЫРТҚЫ АУДИТ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ

Кіріспе

5B020600-«Дінтану» БББ-ның мақсаттары Нұр-Мұбарак ЕИМУ-нің миссиясы мен «2017-2020 жылдарға арналған даму стратегиясына» сәйкес жүзеге асырады.

Нұр-Мұбарак ЕИМУ Дінтану БББ 2003 жылы қысқартылған бағдарлама негізінде ашылған болатын. Алғашында құрылымдық, кадрлық мәселелерге байланысты, мамандық басқа (Жаратылыстану және гуманитарлық пәндер) кафедра құрамында жұмыс жасап келді. Дінтану кафедрасы өз алдына дербес болып 2011 жылы бөлініп шыққан.

5B020600-«Дінтану» БББ бойынша «Дінтану» кафедрасы – мамандық шығарушы кафедра. «Дінтану» кафедрасы ҚР МЖББС негізінде (ҚР Үкіметінің 23.06.12ж. №1080 бұйрығымен (13.05.16ж. №292 өзгертулер мен толықтырулар), Үлгілік оқу жоспарына (ҚР БЖҒМ 16.08.13ж. №343 бұйрығындағы (өзгертулер мен толықтырулар 05.07.2016ж. №425 бұйрығы) және Нормативті-құқықтық актілеріне (ҚР БЖҒМ «Кредиттік технология бойынша оқу процесін ұйымдастыру Тәртібі туралы» №152 20.04.2012 бұйрығы (өзгертулер мен толықтырулар 28.01.2016 №90) сәйкес 5B020600-«Дінтану» БББ-ын жүзеге асырады.

Кафедраны 2011/2012 оқу жылынан 2014/2015 оқу жылына дейін ғалым, Ханафи мазхабын зерттеуші, бірнеше кітаптар мен монографиялардың авторы, теология ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор А.Ш.Әділбаев басқарып келді. 2014/2015 оқу жылынан бастап дінтану кафедрасын PhD, қауымдастырылған профессор Қ.С.Ержан басқарады.

Дінтану кафедрасы Нұр-Мұбарак ЕИМУ-нің құрылымдық бөлімшесі болып табылады. Қазіргі таңда кафедраның оқытушы-профессорлық құрамы – 12 штаттан құралған (оның 1-і штаттан тыс). Оның ішінде ғылым докторлары – 3 (оның 1-і штаттан тыс), ғылым кандидаттары – 3, PhD, қауымдастырылған профессор – 2, PhD докторы – 1, магистр оқытушы – 3.

Студенттер континенті төмендегідей:

Оқу жылы	Жалпы студенттер саны	Күндізгі бөлім	Ақылы	Сырттай бөлім	Ақылы
2013-2014	42	5	5	37	37
2014-2015	47	2	2	45	45
2015-2016	62	7	7	55	55
2016-2017	67	14	14	53	53
2017-2018	32	3	3	29	29



Іс тәжірибе базасының ең бастылары Қазақстан мұсылмандар діни басқармасының бөлімшелері мен жергілікті әкімшіліктердегі Дін істері басқармалары болып табылады.

Сарапшылар тарапынан бағдарламаның құрылымын, мазмұнын, мақсат-міндеттері мен миссиясын, ПОҚ біліктілігі мен студенттер білімінің нәтижелілігін, материалдық-техникалық базасын, жұмыс берушілермен, практика базасымен байланысты қамтыған ББ – ның құжаттарына сараптама жүргізілді.

ЖОО басшыларымен, декан, кафедра меңгерушілерімен, профессор-оқытушы құрамымен, студенттермен, түлектермен және жұмыс берушілермен сұхбат жүргізілді. Сұхбат нәтижесінде жалпы 5B020600 – Дінтану білім беру бағдарламасының жүзеге асырылуына қанағаттану деңгейі байқалды.

Аудит кезінде жалпы оқу корпусы, кітапхана қоры, жатақхана, іс-тәжірибе базасы, асхана, спорт зал, медпункт, тіркеу бөлімі, оқу аудиториялары, кафедра, қызмет көрсетуші бөлімдер қаралып шықты. Мамандықты даярлаушы ОПҚ-ның жоғары ғылыми-әдістемелік деңгейі, материалдық-техникалық база, кітапхана қоры мен ақпараттық база маман дайындауға мүмкіндік береді.

Стандарт 1 – Білім беру бағдарламасының мақсаттары және сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат

Талдау мен дәлелдер:

«Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университеті (ары қарай «Нұр-Мұбарак» ЕИМУ) Қазақстан Республикасының 2007 жылдың 27 шілдесінде шыққан «Білім беру туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі тарапынан 2010 жылдың 29 қыркүйегінде берілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби білім аясында білім беру қызметін жүргізу құқығы бойынша мерзімі шектеусіз №0137466 мемлекеттік лицензиясы және Университет жарғылары негізінде жүзеге асырылады.

5B020600 «Дінтану» мамандығы бойынша бакалаврларды дайындаудың мазмұны Қазақстан Республикасының нормативті-құқықтық актілеріне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің (ҚР БжҒМ) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына және нормативті-реттеуші құжаттарына сай негізделген.

5B020600 «Дінтану» мамандығына білім беру бағдарламаларының мақсаттары мен міндеттері – «Нұр-Мұбарак» ЕИМУ-нің миссиясы мен «2017-2020 жылдарға арналған даму стратегиясына» сәйкес жүзеге асады және университеттің негізгі миссиясы ретінде жоғары білікті, бәсекеге қабылетті мамандар дайындау, исламтану саласы бойынша білім бағдарламаларын жүзеге асыру, қоғамның ғылыми, рухани әлеуетін көтеру



деп көрсетілген. Ал мақсаты жоғары исламтанушылар, білімді имамдар дайындау түрінде бекітілген.

5B020600 «Дінтану» мамандығының білім беру бағдарламаларының элективті пәндері каталогы мемлекеттік білім беру стандарттарымен анықталған, кәсіби білімді толықтай қалыптастыруға мүмкіндік беретін пәндердің тізбесінен тұрады делінеді. Сонымен қатар қажеттілікке орай жұмыс берушілердің де ұсыныстарына қарай өзгеріп отыратындығы айтылады.

Қазіргі таңда «Нұр-Мұбарак» ЕИМУ-нің «Дінтану» кафедрасы Қазақстандағы 5B020600 «Дінтану» мамандығы бойынша кадрлар даярлайтын 6 кафедраның бірі болып табылады.

Білім беру бағдарламаларының мақсаты еңбек нарығының талаптарына сай жұмыс берушілердің элективті пәндер тізімінің жасалуына үлестерін қосуға тарту, Дінтану саласындағы жетекші мамандардың осы саладағы білім беру бағдарламасын жасауда қатысуға мүмкіндіктер берілген.

Ашықтық, білім беру бағдарламасы мақсатының үдемелігі, қоғам талабымен экономика және еңбек нарқында төмендегідей факторлармен жүзеге асырылады:

- Діни, рухани білімге бағытталған ұстанымға білім беру жағдайын жақсарту, көп деңгейлі білім беру мен қосымша діни білім беру мүмкіндіктерін, сонымен қатар интеллектуалды дамуы мен қоғамдық, спорттық өмірге қатысу, түрлі білім беру қызметтерімен қамтамасыз ету, еңбек нарығы мен бітірушілерді жұмысқа орналастыруды бақылау жолдары арқылы қол жеткізіледі;

- Үдерістік және жүйелілік тәсіл білім беру үдерісін бақылауға, студенттердің білім сапасын тексеру нәтижелері мен жоғары басшылық тарапынан университеттің білім беру қызметін үнемі талдауға негізделеді;

- Қызметкерлерді тарту ұстанымы шығармашылық еңбекке ынталандыру, ПОҚ және қызметкерлер үшін әлеуметтік және тұрмыстық жағдайларды құру.

БББ сапасын қамтамасыз ету саясаты сапаны қамтамасыз ету жүйесіне негізделген.

Сапаны қамтамасыз ету жүйесіндегі әрбір процесті іске асыруға университеттің құрылымдық бөлімдері (кафедралар, офис тіркеу, оқу әдістемелік бөлімі, т.с.с.), ПОҚ құрамы, білімгерлер, ЖОО әкімшілігі, сыртқы қызығушы тараптар қатысады.

Мысалы БББ сапасын көтеру мақсатында университет әкімшілігі тарапынан «Ақида», «Құран» және «Араб тілі» пәндері ЖОО міндетті пәні ретінде енгізілген. Алайда бұл пәндер исламтану немесе теологиялық пәндер санатына жатады.

БББ талдау барысында элективті пәндердің басым көпшілігі исламтану бағытына жақын. Сонымен бірге бітіруші курс студенттерінің дипломдық жұмыстарының тақырыптар тізімін талдауда исламға қатысты тақырыптар басымдықты құрайды.



Процестерді жетілдіру, дамыту жұмыстарын жүзеге асыру ережелері Нұр-Мұбарак ЕИМУ құқықтық-нормативтік құжаттар жиынтығында келтірілген (<https://nmu.kz/kk/oku-uderisi/>).

Университеттегі білім беру қызметтерін ұсыну үдерісінде білім алушылардың, жұмыс берушілер мен басқа да мүдделі тараптардың талаптарын анықтау үшін ақпарат жинау жүзеге асырылады. Бұл ретте, мониторинг жүргізудегі негізгі әдісі ретінде, кафедра тарапынан жұмыс берушілерге электрондық сауалнама жолдау арқылы, нәтижесі кафедра мәжілісінде талқыланады. Сауалнама нәтижесі бойынша түлектердің кәсіби дайындығын жетілдіру бойынша ұсыныстар жасайды, күндізгі бөлім студенттерінің жұмыс тәжірибиесі болмағанына қарамастан жұмысқа қабылдау мүмкіндіктерін ұсынады. Жалпы БББ түлектерін жұмысқа орналастыру, тәжірибеден өткізуде жұмыс берушілермен тығыз қатынастардың бар екендігі анықталды.

Осыған орай Нұр-Мұбарак ЕИМУ Сапа менеджмент жүйесін енгізуде. Университетте СМЖ жауапты мамандар қызмет атқарады (**1.7 Қосымша**). Білім беру бағдарламалары мазмұны ұлттық деңгейде қабылданған нормативтік талаптарға сәйкес жүзеге асады (<https://nmu.kz/kk/oku-uderisi/>).

Университеттің ішкі сапасын қамтамасыз ету жүйесі үдеріске жақын негізделген, жүйелі түрде анықтау мен үдерістерді басқаруды, сондай-ақ сапа саясатына және стратегиялық бағыттарына сәйкес күтілетін нәтижелерге қол жеткізу үшін жасалатын өзара әрекеттерді қамтиды.

Жоспарлау үдерістеріне:

- университеттің стратегиялық даму жоспары;
- университет, кафедралар және басқа да құрылымдық бөлімшелердің оқу жылына арналған жедел жұмыс жоспарлары;
- ПОҚ жеке жоспарлары;
- мамандықтардың оқу жұмыс жоспарлары;
- студенттердің ЖОЖ жатады.

Нұр-Мұбарак ЕИМУ-те академиялық адалдық, кәсіби нормалар және этиканы қамтамасыз ету саясаты мен басқа да іс-шаралар жүргізіліп отырады. Академиялық адалдықты, академиялық еркіндікті қолдау және кемсітушіліктен қорғау шаралары университет сайтында көрсетілген. <https://nmu.kz/kk/okytushylar-men-studentterdin-ar-namys-kodeksi/>

Кемсітушіліктің кез келген түрінен сақтауды қолдау бойынша іс-шаралар қабылданған. Оқытушылар мен студенттер арасындағы өзара сыйластық пен іскерлік серіктестік жағдайын жасау; интеллектуалдық меншік құқығын сақтау (антиплагиат бағдарламасы арқылы тексеру); тәуелсіз емтихан қабылдаушының қатысуымен емтихан алу және т.б. Дегенмен емтихан қабылдау үрдісі (Дін психологиясы пәні) барысында аудиторияда дәріс беретін оқытушының ғана емтихан алып жатқаны байқалады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру мақсатында университетте Платонус автоматтандырылған ақпараттық жүйесі ол білімді бағалауды



бақылаудың барынша ашықтығын қамтамасыз етеді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы студенттердің қатысуымен университет деңгейінде іс-шаралар ұйымдастырылады. Мысалы дінтану студенті Шымтемір Мейрамбек Сайранұлы 30.11.2017 күні студенттердің арасында ұйымдастырылған сыбайлас жемқорлыққа қарсы дөңгелек үстелде «Бірегей сыбайлас жемқорлық сағаты» деген тақырыпта баяндама жасаған. Жалпы Университеттің бағыты діни білімді басымдыққа алатындықтан сыбайлас жемқорлық проблемасы туындамайтындай деңгейде деуге болады.

Дәлелдеме:

Білім беру бағдарламасының мақсатын ЖОО-ның сайтынан көруге болады.

Элективті пәндер каталогы мен БББ құжаттары.

Білім беру бағдарламасына қатысты құжаттар.

ПОҚ мен білім алушылармен және кафедра өкілдерімен кездесу барысында жалпы білім беру бағдарламасымен таныс екендігі байқалды.

Жағымды тәжірибелер:

ЖОО-да білім беру бағдарламасымен қанағаттануын бағалау бойынша сауалнамалар ұйымдастыру жүйелі жолға қойылған.

Студенттер арасында құрылған «Жас ғалым» клубы белсенді жұмыс жасайды.

Ескерту:

Элективті пәндердің басым көпшілігі исламтану бағытына жақын. Сонымен бірге бітіруші курс студенттерінің дипломдық жұмыстарында исламға қатысты тақырыптар басымдықты құрайды.

Жақсарту шаралары:

Білім беру бағдарламасының тиімділігін арттыру үшін элективті пәндер каталогын жасау кезінде дінтану бағытына қатысты пәндерді көбірек енгізу.

Емтихан қабылдау кезінде тәуелсіз емтихан қабылдаушыларды тарту.

Стандарт 2 – Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпараттарды басқару

Талдау мен дәлелдер:

Бакалавр бойынша әзірленген БББ біліктіліктің Ұлттық жүйесіне және мамандықтың кәсіби стандартына сәйкестендірілген. 5B020600 «Дінтану» БББ-ның мазмұнын кәсіби әлеуеттілік құзыреттілікті ғылыми, теориялық және тәжірибелік бағдарлау талаптарына сәйкес жасалады.

БББ кафедра мәжілісінде, университеттің әдістемелік кеңесінде талқыланады және ректор бекітеді. 5B020600 «Дінтану» БББ оқу жұмыс жоспары күндізгі, сырттай оқу формалары бойынша даярланады.

МЖМБС және типтік оқу жоспарында оқылуы міндетті курстардың тұжырымдамасы сипатталған, аталған бағыттағы түлектердің кәсіби құзыреті



мен біліктілік сипаттамалары анықталған. Құрамында кредиттерінің саны көрсетілген міндетті пәндердің тізімі бар мамандықтың типтік оқу жоспары базалық және профильді циклдердің арақатынасын реттейді, элективті курс компоненттерінің көлемін анықтайды. Типтік оқу жоспары мен типтік бағдарламалардың негізінде 5B020600 «Дінтану» білім беру бағдарламасының нормативті құжаттары жасақталады. Оның ішінде: оқу-жұмыс жоспары (ОЖЖ), мамандықтың оқу-әдістемелік кешені (МОӘК), пәннің оқу-әдістемелік кешені (ПОӘК), силлабустар, оқу курстары, тәжірибелік және өзіндік жұмыстарды орындауға арналған әдістемелік нұсқаулықтар бар.

БББ оқытудың күтілетін нәтижелері келтірілген түйінді және құрамдас құзіреттер түрінде сипатталған.

БББ негізгі құзыреттер ретінде төменгілер көрсетілген:

- Дамыған және сауатты тілдерді игеру үшін, ана тілін және шетел тілдерін, қарым-қатынас технологиясы саласында білім, коммуникация стратегияларын, диалог құрудың дағдылары мен іскерліктерін, полимәдениетті, полиэтникалық және көпконфессиялы қоғамда қарым-қатынас жасауды игруге жағдай жасау.

- Дүниетанымы және ойлау мәдениеті кең жоғары білімді тұлға қалыптастыруға сәйкес фундаменталды математикалық, табиғи-ғылыми және техникалық пәндер бойынша базалық білімдерді меңгеру.

- кәсіби қызметінде ақпараттық технологияларды қолдану іскерлігі, қазіргі құрал-жабдықтарды қолдана отырып, бағдарламалау дағдыларын меңгеру.

- этикалық, рухани, мәдени құндылық, әлеуметтік мінез құлықты реттеу формалары мен негізгі заңдылықтарды, тұлғаға деген әлеуметтік ұстаным жайында түсініктерді білу, Қазақстан халықтарының мәдениеті мен дәстүрлерін, қоғам дамуының тенденцияларын білу, әр түрлі әлеуметтік жағдаяттарды бағдарлай білу, креативті ойлау іскерлігі, басқа ұлттың мәдениетіне, салт дәстүрлеріне шыдамдылық таныту, белсенді өмір позициясын ұстану.

- шығармашылық әлеуетін, жаңашылдығын, бастамасын дамыту үшін жағдай жасау, аталмыш ғылымының негізін қалайтын пәндер бойынша білім алу, қажетті практикалық дағдылардың болуы, оқу және өндірістік іс-тәжірибеден өту барысында теориялық білімді тиімді бекіту, мамандыққа сәйкес сонымен қатар, жоғары білімнің келесі сатысында оқуды жалғастыруға байланысты пәндерді саналы таңдау, мамандық бойынша жұмысқа орналасуға болатын мүмкіндіктерге сәйкес жұмыс күштері рыногында бітіруші түлектердің бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру; ЖОО ерекшелігін, тұлғаның қажеттілігін ескере отырып, кәсіби құзыреттілікпен білім беру саласында студенттердің жеке бағдарламаларын таңдау.

- экономикалық білімінің негізін меңгеру, микро және макроэкономикалық құбылыстар, қаржы, маркетинг, менеджмент жайында



ғылыми білімдерді игеру, экономикадағы мемлекеттік сектордың рөлін, экономиканы мемлекеттік реттеу әдістерін білу және түсіну.

Келтірілген негізгі құзыреттер әлеуметтік, кәсіби рөлдердің ауысуына дайындықтың, географиялық және әлеуметтік ұтқырлық жағдайындағы өсу динамизмі өзгерістерінің барлық талаптарына жауап береді делінеді. Алайда аталмыш құзыреттіліктер мен БББ мазмұны толық сай келмейді.

Таңдалған түйінді құзыреттер білім алушыларда білім беру бағдарламасы модульдерін игеру кезінде қалыптасады. БББ элективті модульдері білім алушыларға жеке оқу траекториясы бойынша таңдау жасауға мүмкіндік береді. БББ студенттердің талап-тілектерімен еңбек нарығы тарапынан сұраныстар қарастырылған. Бұл бағытта жұмыс берушілердің ұсыныстары ескерілген. Атап айтқанда, 2014-2015 оқу жылында Дінтану БББ «Академиялық жазылым», «Қазақстандағы қазіргі діни ахуал» және «Қазақ ойшылдары дін туралы» пәндері ұсыныстар негізінде енгізілген.

БББ сапасын көтеру мақсатында 2017-2018 оқу жылында университет әкімшілігі тарапынан «Ақида», «Құран» және «Араб тілі» пәндері ЖОО міндетті пәні ретінде енгізілген. Алайда дінтанушы құзыреттілігі үшін аталмыш пәндер маңызды болып табылмайды.

БББ жүйесінде көрсетілген қалыптасатын негізгі құзыреттердің, кәсіби модульдер блогына кіретін нақты модульдердегі интеллектуалдық және академиялық дағдылардың өзара байланысы көрініс тапқан, ал тәжірибелік дайындықты көрсететін құзыреттер тәжірибе модулінде, қорытынды аттестаттау, қорытынды модульдерінде көрінеді. Міндетті компонент бойынша БББ мазмұны МЖМБС және типтік оқу жоспары талаптарына сәйкес.

БББ жалпы еңбек сыйымдылығы 146 кредитті құрайды. Оның ішінде теориялық оқуға - 129 кредит. Жалпы міндетті модуль - 28 кредит, оның ішінде, мемлекеттік міндетті компонент - 21 кредит, таңдау компоненті - 7 кредит. Базалық пәндер компоненті – 69, оның ішінде, міндетті компонент - 20 кредит, таңдау компоненті - 49 кредит. Кәсіби пәндер модулі - 32 (міндетті компонент - 7 кредит, таңдау компоненті - 25 кредит). Тәжірибе - 6 кредит, оқытудың қосымша түрлері - 8 кредит, қорытынды аттестация - 3 кредит.

Білім беру бағдарламаларын бағалау үдерісіне студенттер де қатысады. Кафедрада БББ-на студенттердің қанағаттану дәрежесі анықтау бағытында сауалнама жүргізіліп отырады.

БББ оқу процесінің барлық мүдделі қатысушыларының қатысуымен жасалады: жалпы білім беру, психологиялық-педагогикалық пәндерді оқытуды қамтамасыз ететін оқытушылар, білім алушылар мен жұмыс берушілер. Жыл сайын мамандықтар бойынша жұмыс оқу бағдарламалары 15-30%-ға жаңартылады, бұл ретте білім алушылар мен жұмыс берушілердің тілектері ескеріледі.

Студенттердің оқу жүктемесінің есепті еңбек сыйымдылығы кредиттерде көрінеді. Бір академиялық сағат 50 минут лекция, практика



(семинар) сабақтарына тең. Оқу сабақтарының әрбір академиялық сағатына 2 сағат (100 минут) СӨЖ қосылады, оның бір сағаты (50 минут) ОСӨЖ. Бакалаврды даярлау бойынша білім беру процесінің аяқталғандығының негізгі критерийі студенттің кем дегенде 129 кредитті игеруі немесе кем дегенде 5805 сағат теориялық білім алуы болып табылады. Бір академиялық кезең ішінде студент 18-21 кредитті немесе 810-990 сағатты игереді.

Кредиттер/сағаттар ара қатынасы келесі түрде болады: 1 кредит 45 академиялық сағатқа тең, соның ішінде 15 аудиториялық сағаттар және 30 сағат өзіндік жұмыстар, оның ішінде оқытушы басшылығымен орындалатын өзіндік жұмыстар.

БББ сапасын ішкі бағалау мен сараптау университетте болып жатқан процестерді мониторингілеу жолымен жүзеге асырылады.

- кафедра мен ПОҚ қызметін бағалауды жүргізу;
- білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды ұйымдастыру және жүргізу;
- ішкі аудиттерді жүргізу.

БББ жалпы білім беру мекемелерінің жалпы орта мектеп және практика талаптарына сәйкестігі төмендегіше жүзеге асырылады:

- Оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларын талдау;
- жұмыс берушілердің, МАК төрағаларының, диплом жұмыстары рецензенттерінің, кәсіби іс-тәжірибе жетекшілерінің ақыл-кеңестерін, ескертпелерін, ұсыныстарын жинау және өңдеу;
- бітірушілер туралы жұмыс берушілердің пікірлері мен сауалнамаларын зерттеу;
- бітірушілерге сауалнама жүргізу.

Білім беру бағдарламасын жасақтау барысында білімгерлердің, ПОҚ қызметкерлердің қанағаттану жағдайларын сауалнамалар арқылы анықтау мүмкіндігі ескерілген.

Университетте сапаны қамтамасыз ету жүйесінің бір бөлігі болып табылатын, БББ үздіксіз сараптамадан өткізу және ішкі бағалау механизмі жұмыс жасайды.

БББ сапасын бақылау және бағалау үшін оқытушылардың өзара сабаққа қатысуы жүргізіледі, олардың нәтижелері, сабақтар мен пайдаланылатын оқу-әдістемелік материалдардың сапасы, СӨЖ тапсырмаларын уақтылы беру, білім алушылардың үлгерімін бақылау және бағалауды ұйымдастыру кафедра мәжілістерінде талданады.

Өзара сабаққа қатысу нәтижелері кафедра хаттамаларында көрініс тапқан.

БББ жасауда оқу жоспарында қарастырылған оқу қызметінің барлық түрлері бойынша студенттердің оқу жүктемесінің еңбек сыйымдылығының дәрежесі ескеріледі.

Білім алушының университеттен кейінгі білім алу мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін университет білім беру бағдарламаларын жасағанда олардың мазмұнының үздіксіздік, жүйелілік, сабақтастық принциптерін



ұстанады. Білім беру бағдарламаларының ішінде пәндердің академиялық өзара байланыстылық қисыны ескеріледі. Сабақтастық принципі бакалавриатта оқытылатын пәндер білім берудің келесі деңгейлерінде - магистратурада өзінің қисынды жалғасын табатыны байқалады. Дегенмен аталмыш пәндердің мазмұндық қайталаулары да орын алатындығын байқауға болады.

БББ меңгеру нәтижесінде алынған біліктіліктің жалпы бағыты дұрыс деуге болады. Дінтанушы мамандардың болашақ қызметі мен оларға қойылатын талаптар деңгейінде біліктілік ұсынылады.

Дәлелдеме:

Мамандыққа тиесілі БББ құжаттары.

Мамандыққа қатысты пәннің оқу-әдістемелік кешені (ПОӘК) силлабустар және элективті пәндер тізімі.

Пәнге қатысты оқу әдістемелік құжаттар мен оқу құралдары.

Заманауи техникалық мүмкіндіктермен жабдықталған оқу шарттары ПОҚ құрамымен кездесу және дәрістерге қатысу барысында инновациялық тәсілдердің қолданылуы.

Жағымды тәжірибелер: ЖОО элективті пәндер арасында жұмыс берушілердің ұсыныстарымен енгізілген пәндер мөлшері жеткілікті көрсетілген.

Ескерту:

Мамандыққа қатысты құзыреттілік толық белгіленбеген және көрсетілген құзыреттіліктер Дінтанушы маманның кәсіби бағытына сай келмейді.

Жақсарту шаралары:

Әдістемелік кеңес жұмысында пәннің оқу-әдістемелік кешен құрылымын қайта бекіту және оқытушылардың толық орындауын қамтамасыз ету.

Сырттай бөлімде оқитын білім алушылармен оқу үрдісін ұйымдастыру жолдарын жетілдіру, мысалы дистанциондық оқыту қолдану арқылы.

Стандарт 3 – Студентке орталықтандырылған оқыту, білім беру және бағалау

Талдау мен дәлелдер:

Студенттік орталықтандырылған білім беруді жүзеге асыруда оқытушылар «білім алушы-оқытушы» өзара сыйластығын жүзеге асырады, себепті назар аударуға түрлі топтағы студенттер жатады (жетім студенттер, ата-ана қамқорлығынсыз қалған студенттер, мүмкіндігі шектеулі студенттер, шетелдік студенттер) және олардың талаптары. Бұл топтағы студенттерге әлеуметтік жәрдем беру механизмі құрылған, оқу ақысында жеңілдіктер, жатақханада тұру жеңілдіктері, жатақхананың тұрмыстық қызмет көрсетуі төлемақы жеңілдіктері университеттің 2015-2016 жылы қабылданған «Жеңілдік беру Ережесінде» қарастырылған.

Оқуға және ғылымға терең қызығушылығы бар студенттерге «Жас Ғалым» дінтанушылық ғылыми-зерттеулік клубы жұмыс істейді. Ал үлгерімі



төмен студенттерге ПОҚ тарапынан қосымша кеңестер ұйымдастырылады, қажет жағдайда жазғы оқу семестрі қарастырылған. Студенттердің жеке ерекшеліктерін есепке алу қызметін эдвайзерлер, сондай-ақ білім алушылардың академиялық бейіндігін есепке алатын кафедра оқытушылары және жастар комитеті атқарады.

Университет жүйесінде студенттердің өзін-өзі басқару формалары белгіленген. Студенттердің өзін-өзі басқаруы – студент жастардың шешімдерді қабылдауда, университеттің барлық органдарына студенттердің ұсынылуында, студенттердің жаңа өкілдеріне оқыту тренингтерін өткізуде, студенттерді ақпараттандыру және сұрақтар бойынша келісу жүргізуде көрініс табады. Студенттердің ЖОО басқаруда тең қатысуы құқығы ҚР заңдарымен, ішкі ережелермен сондай-ақ ішкі құжаттармен сәйкес іске асырылады.

Университетте қазіргі таңда жастар комитеті студенттік тең басқарудың жоғарғы органы болып табылады. Комитеттің негізгі міндеттерінің бірі – жастардың қоғамдық ұйымдары және бірлестіктерін координаттау және де университет саясатына сәйкес жастар саясатын бағдарлау және жүзеге асыру болып табылады.

5B020600-«Дінтану» студенттері БББ мазмұнын бағалау және оқыту әдістерін талдауға қатысады. Білім беру бағдарламасының тиімді құрылымы студентке пәнді және оқытушыны таңдауға еркіндік береді, түрлі тұтынумен әр түрлі қызмет түрлерін таңдауға сәйкес келеді. Оқытудың тиімді ұйымдастырылуы білім беру мен бағалауды, оқыту түріне қарамастан оқудың үлкен мүмкіндіктерін пайдалана отырып, оқытудың түрлі бағыттарын қалыптастыра алады. Бұл оқу және білім беру қызметінің таңдауын кеңейтеді, студентке түрлі кәсіппен тұтыну мүмкіндігін ашады. Студентке түрлі білім траекторияларының модульдік білім беру бағдарламасының пәндерін кафедра ұсынады. Білім беру траекторияларын таңдауды студент ерікті түрде 5B020600-«Дінтану» БББ игеру үшін таңдайды.

Білім беру бағыттарын жүзеге асыруда әрбір білім алушымен жеке жұмыс жүргізу қағидаты қолданылады. Студент пән оқытушыны (тьютор) таңдап болған соң, «Platonus» бағдарламасында студенттің жеке оқу бағдарламасы жасалады.

Студенттің білім алу бағыты жеке оқу бағдарламасы негізінде жүргізіледі, бұл әрбір студенттің жеке білім алу траекториясында жасалады. Оқу пәндерін тіркеу эдвайзердің көмегімен жүзеге асырылады.

Студенттердің үздіксіз өздігінен білім алуын мақсат етіп алған, академиялық ұтқырлықты ұйымдастыру мен зерттеушілік дағдыларын дамытуға бірқатар кедергілер бар. Сол себепті академиялық ұтқырлық бойынша жүзеге асырылған шаралар төмен. Ол ЖОО БББ-ларының біркелкі болмауына байланысты толықтай іске аспай отыр. Бұл кемшіліктерді жою үшін Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетімен келісім шарттар жасалуда.



Университетте студенттердің оқу жетістіктерін бағалау және студенттердің оқу жетістіктерін бақылау «Академиялық саясат», нормативтік-құқықтық құжаттар кешені және төмендегідей құжаттар: «кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру туралы ереже», сонымен қатар СМЖ үдерістері мен ішкі ережелеріне сәйкес «Білімді бағалау», «Оқу жетістіктерін бағалаудың», «Білімді бақылау жүйесі», «Академиялық қарыздарын жою», «Жазғы семестрді ұйымдастыру және өткізілуі» сонымен қатар «Студенттің оқу жетістіктерінің бағалануы» ережелерімен және «Студенттің оқу жетістіктерінің қадағалау» негізінде жүргізіледі.

Университетте студенттердің білім деңгейін бағалайтын кең диапазонды баллдық-рейтингтік әріптік жүйе қолданылады. Бақылаудың үш түрі бар: ағымдық, аралық және қорытынды.

Білім алушыларға, білім деңгейіне сәйкес әріптік көріністегі А (ең жоғарғы баға) –дан бастап F (ең төменгі баға) –ке дейінгі баға қойылады; баллдық көріністе (4,0 ден 1,0-дейін – оң нәтиже және 0 – қанағаттанарлықсыз баға); пайыздық көрестекіште (оң нәтиже – 50%-дан 100%-ға дейін. Қанағаттанарлықсыз баға – 0-ден 49%-ға дейін).

Университетімізде бағалаудың қол жетімділігін және ашықтығын қамтамасыз ететін бағалау саясаты және процедурасы бар.

Оқу жетістіктерінің ағымдығы және аралық бақылау формасы және тапсырмалар түрлері, оларды тапсыру мерзімдері және пән бойынша рейтингтік ұпайларды бөлу туралы толық ақпарат пән силлабусына енгізілген және оқу семестрінің алғашқы аптасында білім алушылар назарына жеткізіледі.

Білім алушылардың қолданыстағы бағалау критерилері туралы ақпараттандырылғандығы бойынша мәлімет студенттің жеке парақшасына кіру кезінде университеттің білім беру порталында қамтамасыз етіледі.

Оқу нәтижелерін бағалау әдістері мен критерийлері ашықтық, объективтілік және әділеттілік талаптарына сәйкес келеді және пән силлабустарында көрсетілген.

Университетте студенттерді кезендік аттестациялау ҚР МЖМБС-негізінде әзірленген кәсіптік оқу бағдарламасымен, оқу-жұмыс жоспарымен және академиялық күнтізбеге сәйкес жүзеге асырылады.

Оқу жылы барысында күтілетін нәтижені басқару шешімдері талданып отырады. Аралық аттестацияның қорытындысы кафедраның мәжілісінде талқыланады, солардың қорытындысы бойынша ПОҚ-тың жұмыстарына баға беріледі. Академиялық күнтізбеге сәйкес емтихандардан қарыз болған студенттер ақылы түрде жазғы семестрде қайта тапсырады.

Егер ағымды емтихан сессиясы немесе қорытынды аттестаттау кезінде студенттердің білімдерін бағалау барысында, олардың тарапынан арыз-шағымдар туындаса студент апелляция комиссия төрағасының атына шағым жазады. Апелляциялық кеңес апелляциялық арыз берілгеннен кейінгі 24 сағат ішінде оған сәйкесінше жұмыстың бағасын қайта қарастыру не бастапқы бағасын қалдыру жайлы шешім қабылдайды. Шешім апелляциялық



комиссияның мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады және ол түбегейлі шешім болып табылады әрі қайта қарастырылып, талқыланбайды. Апелляция нәтижесі хаттамамен бекітіледі.

Аралық бақылау семестр барысында 8-ші және 15-ші аптада өткізіледі. Аралық бақылау, аралық бақылауды ұйымдастыру және өткізу ережесіне сай жүзеге асырылады. Ағымдық және аралық бақылаудың қорытындысы электронды журналдарға қойылады, бұл білім игеру бақылауының ашықтығын қамтамасыз етеді.

Студенттердің ғылыми зерттеу жұмыстары кафедрада үйлестіріледі. Ғылыми конференцияларға және ҒЗЖ-на қатысу арқылы студенттер өз белсенділіктерін көрсетеді. Студенттердің ғылыми жұмыстарын ұйымдастыру мақсаты – жоғары білімді, шығармашылықпен жұмыс істей алатын маманды дайындау және тәрбиелеу. Студенттердің ғылыми жұмысын ұйымдастыру үдерісі құрылымдық басқарымда ғылымға жауапты тұлғалармен жүргізіледі.

«Жас ғалым» дінтанушылар студенттік ғылыми-зерттеу клубы ұйымдастырады. Клуб жетекшісі дінтану кафедрасының доценті, PhD А.Қ. Дүйсенбаева. Клубтың негізгі жоспары дінтану студенттерінің жан-жақты ғылыми бағытта жұмыс істей алуына мүмкіншілік беру мақсатында құрылған.

Университетте оқу үдерісін жетілдіру мақсатында 2013 жылдан бастап «Platonus» автоматтандырылған ақпараттық бағдарламасы енгізілген. Әрбір білім алушы және оқытушыда ғаламтор және ішкі желі арқылы оқыту және бақылау бағдарламасын ашуға, оқытушымен байланысуға, тапсырмаларды немесе көмек алуға мүмкіндік беретін жеке веб парақшалары бар. Университеттің және оның құрылымдық бөлімшелерінің оқытуларының ақпараттық технологиялар саласында бағалау және жоспарлауларын анықтаудағы негізгі критерийлері, университеттің жаңа ақпараттық технологиялар саласындағы, сонымен қоса, басқару және мониторингтегі дамуы болып табылады. Университетте бүгінгі күні 100 Мбит/с жылдамдығы бар сымсыз ғаламтор, сондай-ақ ғимараттарда Wi-Fi байланыс желілері жұмыс істейді. Қазіргі уақытта БББ студенттеріне қолжетімді 48 бірлік компьютерлік техника бар. Студенттердің ғылыми зерттеулер және ғылыми жұмыстарын жазу үдерісіне кітапхана қорында мүмкіндіктер жасалған.

Дәлелдеме:

Сыртқы аудит кезінде тексерілген білім беру ресурстары (кітапхана, компьютер кластары, электронды кітапхана т.б.) студенттердің сұраныстарына жауап бере алатындығы байқалды.

Білім алушыларға академиялық қолдау көрсетуге бағытталған құжаттарды тексеру мен білім беру үрдісіне қатысу.

Халықаралық тәжірибе алмасу және тағылымдама құжаттары. Педагогикалық және зерттеу жұмыстарының құжаттары.

Жеке сұхбат және материалдық базаны қарау барысында білім алушылардың толық жатақханамен қамтамасыз етілуі айқындалды.



Жазымды тәжірибелер: Білім алушылардың әлеуметтік тұрғыдан қолдауға ие болуы дамытылған. Білім беру бағдарламасы мен біліктілік бағытында шет тілін игеру мүмкіншілігі мен шет-елдік оқытушылармен білім жетілдіру жолдары қарастырылған.

Спорттық іс-шараларға қатысу жолға қойылған.

Ескерту:

Білім алушылардың іс-тәжірибелік жұмыстарының құжаттарының рәсімдеуі талапқа сай келмейді.

Жақсарту шаралары:

Практика бойынша міндетті құжаттарды толықтыру және мазмұнын әдістемелік кеңес отырысында бекіту.

Жеке сұхбат және материалдық базаны қарау барысында білім алушылардың толық жатақханамен қамтамасыз етілуі қажеттігін көрсетеді.

Академиялық ұтқырлық деңгейін көтеруге университеттегі бар мүмкіндікті тиімді пайдалану.

Стандарт 4 – Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау

Талдау мен дәлелдер:

5B020600-«Дінтану» БББ студенттерді қабылдауды университет білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың типтік ережелеріне, жоғары білім берудің кәсіби оқу бағдарламаларын нақтылау, ҚР Үкіметінің 2012 жылдың 19 қаңтарындағы №111 бекітілген қаулысымен, ҚР «Білім беру» Заңындағы 4 бап, 25-ші тармақшасына сәйкес шығарылған және Нұр-Мұбарак ЕИМУ-нің қабылдау ережелерімен жүргізеді.

5B020600-«Дінтану» БББ талапкерлерді қабылдау ҰБТ немесе КТ нәтижесі және университетте өткізілетін екі шығармашылық емтихан: Кәсіпке жарамдылығын анықтау үшін әңгімелесу және дін негіздері бойынша ауызша емтихан арқылы жүргізіледі.

Жол сілтегіш-анықтамалық университеттегі білім беру процесінің ұйымдастырылу нормалары жайлы қысқаша мәліметтер бар және ол келесі негізгі бөлімдерден тұрады:

- Университет туралы жалпы мәлімет;
- Студенттердің құқықтары мен міндеттері;
- Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу үрдісін ұйымдастырудың ерекшеліктері;
- Студенттердің ауыстыру, қайта оқуға қабылдау және оқудан шығару тәртібі;
- Кітапхананы пайдалану ережесі;
- Академиялық күнтізбе;
- Университеттің басшылықтары мен құрылымдық бөлімшелері туралы ақпарат;



- Өтініш қағаздарының үлгілері.

Жол сілтегіштің тараулар мазмұнына нормативтік және заңнамалық құжаттарға сілтемелер берілген.

Білім алушыларды басқа жоғары оқу орындарынан ауыстыру ҚР БҒМ №19 20.01.2015ж. бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымының типі бойынша ауысу және қалпына келтіру Ережелері» талаптарына сәйкес жүргізіледі. Білім алушыларды ауыстыру кезінде игерілген кредиттердің қайта сынағы білім беру бағдарламаларын, меңгерілген пәндердің тізбесі мен мазмұнын, олардың көлемін, алынған білім, білік, дағдысын және құзыреттерін, сондай-ақ осыларды мойындау Лиссабон конвенциясының принциптері талап ететін оқыту нәтижелерімен салыстыру негізінде жүзеге асырылады.

Университетте білім беру бағдарламасы мен білім беру деңгейі түрлері бойынша орталықтандырылған «Platonus» автоматтандырылған ақпараттық жүйесі 24 сағаттық тәртіппен жұмыс жасайды. Жүйенің мәліметтер қорында білім беру деңгейлері мен БББ бойынша білімгерлер контингенті, олардың жеке оқу жоспарлары, академиялық үлгерімдері, т.с.с. толық мәліметтер бар. Сонымен қатар, қажетті ақпарат (сабақ кестесі, пән бойынша балл т.б.) алуға мүмкіндік беретін оқытушы және студенттердің жеке кабинеттері іске қосылған.

Университеттің ақпараттық-талдау жұмыстарының нәтижесінде анықталғандай білімгерлердің басым көпшілігі ауылдық мектеп бітірушілері болып табылады. 5B020600-«Дінтану» БББ білімгерлері ақылы түрде, күндізгі, сырттай оқу нысандары бойынша оқытылады.

Студенттер оқу үдерісінде ағымдық, АБ үлгерімі, аралық және қорытынды аттестаттаудан өтеді. Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылаудың мақсаты - олардың үлгерімін және сабаққа қатысу деңгейін анықтайды, олардың арақатынасы әрбір білім алушының оқу барысындағы белсенділігі мен материалды меңгеруін көрсетеді. Бір семестр бойы оқытушы барлық білім алушылар үшін міндетті екі білім бақылауын жүргізеді, бүкіл семестр бойы бақылау мерзімдері: бірінші межелік бақылау - 8 (сегізінші) апта, екінші аралық бақылау - 15 (он бесінші) апта. Ағымдық және аралық бақылаулар билет арқылы жазбаша немесе ауызша түрде жүргізіледі. Ағымдағы немесе аралық бақылауды және аралық аттестаттауды ұйымдастырудың қазіргі жүйесі білім алушылардың білімін объективті бағалауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Таңдаған мамандығы бойынша студенттердің оқу жетістіктерін бағалау статистикасын есептеу кезінде білім алушының оқудағы жетістіктерін орташа деңгейін бағалауда GPA (Grade Point Average) пайдаланылады. Ол таңдаған мамандығы бойынша студентті ауыстыруға және студенттерді келесі курсқа көшіру үшін пайдаланылады.

Бітірушілердің мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптарын орындауға дайындығын бітіруші емтихандарының жоғары көрсеткіші, диплом жұмыстарын қорғауы, іс-тәжірибе жетекшілерінің, диплом



жұмысына пікір берушілердің оң пікірі, мемлекеттік аттестациялық комиссия төрағаларының қорытындылары көрсетеді.

Жұмыс берушілермен жүргізілген сауалнама БББ қазіргі заманғы білім беру талаптарына сәйкес екенін көрсетеді. 93% жұмыс берушілер мамандықтың БББ түлектерінің жоғары сұранысқа ие екенін атап өтті. Жұмыс берушілер де мамандарға берілген білім деңгейіне қанағаттандықтарын айтады.

Білім алушының білімін бағалау нәтижелері туралы жедел ақпарат беру үшін «Platonus» ААЖ-і пайдаланылады. Үлгерімнің электрондық журналы «Platonus» автоматтандырылған ақпараттық жүйе арқылы білім алушылар дәріс, практикалық, өзіндік жұмыстар, әр түрлі іс-тәжірибелер бөлінісіндегі пәндері бойынша күн сайын оқытушылардың қойған бағаларын көре алады. Ағымдағы және АБ үлгілері туралы толық ақпарат пәндері бойынша силлабуста ұсынылады.

Университетте студенттерді аралық аттестаттау МЖМБС негізінде дайындалған кәсіби оқу бағдарламасына, оқу-жұмыс жоспары және академиялық күнтізбеге сәйкес жүзеге асырылады. Студенттерді аралық аттестаттау емтихандар түрінде өткізіледі. Осы аттестаттауды бағалау жетістіктерін ұйымдастыру және өткізу кеңсе-тіркеушісіне жүктелген. Аралық аттестаттау қорытындысы бойынша кеңсе-тіркеушісі студенттердің академиялық рейтингісін жасайды.

Оқу жылының ішінде білім беру бағдарламасы және білім беру қызметінің жүйелік мониторингі жүргізіледі. Ағымдағы аттестаттау нәтижелері білім алушыларға жеткізіліп, кафедра мәжілістерінде талқыланады. Олардың нәтижелері бойынша сабақ, СӨЖ жүргізу, әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету сапасын жетілдіру бойынша шаралар қабылданады. Уақытында тапсыра алмаған білім алушылар болған жағдайда, академиялық қарыздарын жою іс-әрекеттері ақылы негізде, бекітілген академиялық күнтізбеге сәйкес жазғы семестрде жүргізіледі.

Білімгерлерді қорытынды аттестаттау академиялық күнтізбе мен мамандықтардың оқу жоспарларында қарастырылған мерзімдерде кешенді емтиханды тапсыру және дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау түрінде өткізіледі. Дипломдық жұмыс (жоба) орындау сапасын бағалау 23 тамыз 2012 ж. №1080 (№292 13.05.2016ж. өзгерістермен) ҚР Үкіметімен бекітілген ҚР МЖМБС және Нұр-Мұбарак ЕИМУ-дің нормативтік-құқықтық құжаттар жинағына сәйкес жүргізіледі.

Білім беру үдерісінің тиімділігі мен ұйымдастыру сапасын арттыру мақсатында, білімгерлердің дипломдық жұмысты (жобаны) өз бетінше орындау дәрежесін бақылау мақсатында, сондай-ақ индивидуалдық жекеменшік құқығын сақтау мақсатында плагиатқа тексеру жұмыстары жүргізіледі.

Дипломдық жұмыстарда (жобаларды) плагиат бар-жоғын тексеруді тиісті кафедра жүзеге асырады. Диплом жұмыстары кафедра отырысында



қарау және бекіту арқылы, кафедра меңгерушісінің ұсынысы бойынша қорғауға жіберіледі.

Дипломнан кейінгі сүйемелдеудің (верификация кезеңі) сапасын жақсарту мақсатында бітірушілермен және жұмыс берушілермен ынтымақтастықтың тиімді әдістері іздестіріледі, жетілдіріліп отырады. Университет жыл сайын мамандықтың жарнамалық-ақпараттық парақшасын шығарады. Кәсіби бағдарлық жұмысқа БББ туралы жоғары оқу орындары талапкерлерін, оның бәсекелестік мүмкіндіктерін, еңбек нарығында түлектердің қажеттілігі, түрлі аймақтардың талапкерлерімен сапарлық кездесулер, ашық есік күндері шегінде жарнамалық жұмыстар жүргізуді ақпараттандыру кіреді.

Студенттің жоғары білім берудің оқу кезеңіндегі және одан кейінгі білім беру сатысындағы біліктілік пен формальді емес және бейресми оқытудың маңыздылығын тануы оқу үлгерімін, сонымен қатар академиялық ұтқырлықты қамтамасыз етудің құрамдас бөлігі болып табылады:

- тану туралы Лиссабон Конвенциясына сәйкес институционалдық тану тәжірибесіне;

- тұтас мемлекетте келісілген тануды қамтамасыз ету мақсатында сапаны қамтамасыз ету бойынша басқа мекемелермен, агенттіктермен және ENIC/NARIC ұлттық орталықтарымен ынтымақтастыққа негізделген.

Барлық білім беру бағдарламалары бойынша студенттерді бірыңғай ақпараттық жүйемен қамтамасыз етілген (www.nmu.kz). Университетте бүгінгі күні 100 Мбит/с жылдамдығы бар сымсыз ғаламтор, сондай-ақ ғимараттарда Wi-Fi байланыс желілері жұмыс істейді. Қазіргі уақытта БББ студенттеріне қолжетімді 48 бірлік компьютерлік техника бар. Студенттердің ғылыми зерттеулер және ғылыми жұмыстарын жазу үдерісіне кітапхана қорында мүмкіндіктер жасалған.

Дәлелдеме:

Жұмыс жүктемесін, жауапкершілігін, оқытушылық деңгейін көтеруді бекітетін құжаттамалар.

Білім беру нәтижелерін айқындау мақсатында жүргізілген сауалнамалар нәтижелері.

Қазіргі заманауи оқу үрдісін жүзеге асыру бағдарламалары мен оларға білім алушылардың қол жетімділігі.

Жазымды тәжірибелер:

Элективті пәндер каталогын құрастыруда жұмыс берушілердің ұсыныстары назарға алынған.

Жақсарту шаралары:

ЖОО-на оқу әдістемелік кешендер мен олардың құрылымы мен мазмұнын қайта қарастыру, қажетті бөлімдермен толықтырылу ұсынылады.

Стандарт 5 – Профессор - оқытушы құрамы



Талдау мен дәлелдер:

Оқу процесі бойынша жоспарлау мен есептеуді жүйеге келтіру мақсатында кафедраның оқу жұмысы мен педагогикалық жүктемесі жыл сайын ҚР үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысы (2016 жылғы 13 маусымдағы № 292 қаулыдағы өзгерістермен) бекіткен жалпыға бірдей білім берудің мемлекеттік стандарты мен университеттің Ғылыми кеңесінің шешіміне сәйкес жоспарланады.

Педагогикалық жүктеменің сағаттық есебі үшін уақыт мөлшері ҚР БҒМ 2007 жылғы «Білім туралы» заңымен, ҚР үкіметінің 2013 жылғы № 499 қаулысы бекіткен «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім ұйымдары қызметінің типтік ережелеріне» және ҚР БҒМ 2012 жылғы 20 сәуірдегі «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары» туралы № 152 бұйрығымен (2016 жылғы 28 қаңтардағы № 90 бұйрықтағы өзгертулер мен толықтырулармен) айқындалады.

Кредиттік жүйенің басты принципі – курстар мен оқытушыларды тандау принципін қамтамасыз ете отырып, Дінтану кафедрасы оқу жоспарының әр түрлі пәндерін оқитын оқытушылар қорына ие. Бұл оқытушылардың ауырып қалу, жұмыстан шығу және т.б. жағдайларға байланысты өзара алмасушылығына мүмкіндік береді.

Қазіргі кезде білім беру бағдарламасы базалық білімі бар жоғары білікті профессорлық-оқытушылық құраммен қамтамасыз етілген. Ол төмендегі кестеде көрсетілген:

Кесте Кафедра штатының ПОҚ ғылыми дәрежелігі:

Ғылыми атағы	2013/2014	2014/2015	2015-2016	2016-2017	2017-2018
Ғылым доктор.		1	1	1	2
Ғылым кандидат.	3	3	3	3	3
Қауымдаст.проф.	-	-	-	2	2
Докторлар PhD	2	2	2	1	1
Аға оқытушылар	2	1	1	1	1
Магистр-оқытуш.	3	3	3	2	2

Дінтану кафедрасында жүктемені бөлу кезінде оқытушының оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу қызметтері және тәрбие жұмысының арақатынас тепе-теңдігі сақталады. Аудиториялық жүктеме студенттің пән мен оқытушыны таңдауына сәйкес тиімді бөлінеді. Оқу жүктемесін бөлу оқытушылардың біліктілігін есепке ала отырып жүзеге асырылады.

Университет профессор-оқытушылардың қызметін оқытушының жеке жұмыс жоспарының негізінде жоспарлайды. Жоспарлар әрбір оқу жылына жасалады. Оқытушының жеке жұмыс жоспары кафедраның Ережесіне сәйкес жасалады.

Университет ПОҚ оқу жұмысын жүзеге асыратын оқу, ғылыми, тәрбие жұмыстарының арасындағы қажетті баланстың сақталуын қамтамасыз етеді. Баланс оқу жүктемесі мен ғылыми жұмысқа бөлінген уақыттың тепе-теңдігін



сақтау дегенді білдіреді. Апта сайын ғылыми жұмысқа кітапханада немесе кафедрада отырып жұмыс істеу үшін бірнеше сағат бөлінеді. Жүктеме мен сабақ кестесін жасауда әкімшілік сабақ өткізу, кураторлық жұмыстар жүргізудің арасында балансты қамтамасыз етуге тырысады. ПОҚ жүктемесі көлемі ғылыми дәрежесіне байланысты өзгереді.

Ректорат, кадрлар бөлімі оқытушылар мен қызметкерлердің лауазымдық нұсқауларда көрсетілген талаптарға сай болуын қадағалайды. Аттестация қызметкерлерді бағалаудың ең тиімді әдісі болып табылады. Университеттің ПОҚ ҚР Еңбек кодексінің 233 пунктіне сәйкес әрбір бес жыл сайын аттестаттаудан өткізіліп отырады. Аттестаттау барысында оқытушылардың біліктілік дәрежесі, кәсіби деңгейі және іскерлік қабілеті айқындалады. Университетте ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2010 жылғы 22 қаңтардағы «Педагог қызметкерлерді аттестаттау ережесі туралы» № 16 бұйрығына (07.08.2013 № 323 бұйрығы бойынша күшін жойды және осы бұйрық 2013 ж. қарашадан бастап күшіне енді) сәйкес университеттің ректорының бұйрығымен аттестациялық комиссия құрылады.

Кафедрада өзара сабаққа қатысу журналы бар. Өзара сабаққа қатысу және ашық сабақтарды талдау нәтижесінде бүкіл оқу процесінде болып жатқан жаңалықтарды саралауға болады. Олардың нәтижесі кафедраның мәжілісінде қарастырылады. Өткізілген өзара сабақтардың саны, хаттамасы берілген.

Жыл сайын профессор оқытушылар құрамының біліктілігін арттыруға көп көңіл бөлінеді. Қазақстан Республикасы және шет елдердегі жоғарғы білім беру орталықтарында орындайды. Кәсіби біліктілікті және қажетті деңгейде білім беру сапасын көтеру мақсатында оқытушылар ұлттық және халықаралық ғылыми конференцияларға және симпозиумдарға қатысу арқылы үнемі білімдерін жетілдіріп отырады.

Университет басшылары өздерінің тарапынан ПОҚ мен қызметкерлерді алғыс хаттармен, сияқылармен марапаттап, әлеуметтік көмектер де көрсетіп отырады. Сонымен қатар басшылық ПОҚ айтулы даталар мен мемлекеттік мерекелердің құрметіне сияқылар беріп, қалалық, облыстық әкімшіліктер тарапынан марапаттар алуға мүмкіндік жасайды. Оқытушыларды ынталандырудың бірден-бір әдістерінің бірі ретінде барлық ПОҚ жалақыларын көтеріп отырады. Мысалы, 2017/2018 оқу жылы университеттің барлық қызметкерлерінің жалақысы 20 пайызға көтерілген.

Дінтану БББ дәріс жүргізетін ПОҚ оқу, әдістемелік және ғылыми жұмыстарының нәтижелері жарияланып тұрады. Дінтану БББ дәріс жүргізетін ПОҚ ғылыми рейтингін көтерудің тиімді тәсілі ретінде халықаралық рейтингісі бар журналдарда мақалалар жариялап тұрады. Соңғы 3 оқу жылының ҒЗЖ салыстырмалы динамикасын бойынша жоғары инпакт - факторлы басылымдарда 30 ға жуық зерттеулер жарық көрген.

Дінтану БББ дәріс жүргізетін ПОҚ-ның Скопус базасындағы Хирша индексі:



№	Т.А.Ә	Хирша-индекс	Сілтеме
1	Ержан Қалмахан Сейтұлы	1	https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57190438464
2	Әділбаев Алау Шайқымұлы	1	https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56820288900
3	Төлегенова Әлия Аманкелдіқызы	1	https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=55953738300
4	Құрманбаев Қайрат	1	https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56820147500

Оқыту үрдісінде инновациялық технологияларды пайдаланып, студенттерді шығармашылық тапсырмалар арқылы оқытудың маңызы зор. Оқу процесі барысында кафедра оқытушылары студенттердің белсенділігін арттыру мақсатында интерактивті оқыту әдістемесін қолданады. Оқыту үрдісінде инновациялық технологияларды пайдаланып, жаңа әдіс-тәілдерді қолдана отырып, студенттердің ерекшеліктерін ескеріп, шығармашылық тапсырмалар беру арқылы шығармашыл, сындарлы ойлай білетін, проблеманы өз бетінше шешуге және бәсекеге қабілетті студент дайындау – басты міндеттердің бірі ретінде жолға қойылған.

БББ бағдарламасын жүзеге асыру, сапасын арттыру мақсатында Мысыр елінен келген білікті мамандар Дінтану БББ студенттеріне дәрістер береді. Өзін-өзі бағалау есебіндегі 5.9 кестеде шетелден келген ПОҚ және оның жүргізген пәні туралы мәлімет келтірілген.

Университетке келген отандық және шетелдік маман ғалымдар дәріс жүргізіп тұрады. Бұл оқытушылар мен студенттердің білімін одан әрі жетілдірумен қатар сабаққа деген ынтасын арттырады. Атап айтқанда 2017 жылдың наурыз айында Египет Араб Республикасының Конституциялық Жоғарғы Сотының Төрағасы Абделуахаб Абделрази, ЕАР-ның Конституциялық Жоғарғы Сотының Төрағасының орынбасары Адил Омар Шариф, ЕАР-ның Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Хайсам Салах Камел және Алматы қалалық сотының Төрағасы Ештай Жайлауханұлы дәріс оқыған.

Дәлелдеме:

ПОҚ жеке жұмыс жоспарлары, жұмыс жүктемесі және біліктілік арттыру жұмыстарына қатысты құжаттар.

ПОҚ құрамының түйіндемелері, ғылыми дәрежелері мен біліктіліктеріне қатысты құжаттамалар мен мәліметтер.

Білім алушылардың оқытушылардың білім беру деңгейі мен сапасына қатысты сауалнамаларының қорытындылары (сауалнамалар нәтижелері, ашық сабақтар, өзара дәріске қатысу).

Жағымды тәжірибелер: Қызметкерлер мен оқытушылар құрамының шет-елдерде тағылымдамадан өту мүмкіншілігі жоғары. Шет-елдік ЖОО мен келісімдер жеткілікті жасалған.



Жақсарту шаралары:

Білікті ұстаздар мен жас мамандар арасында өзара тәжірибе алмасу үрдісі мазмұнын жетілдіру қажет.

Стандарт 6 – Оқу ресурстары және студенттерді қолдау

Талдау мен дәлелдер:

Білім беру бағдарламасының мақсаттарына жету үшін 5B020600 «Дінтану» мамандығын шығаратын Дінтану кафедрасына тиесілі аудиториялар, лингвистикалық кабинеттер, электрондық залдар нормалық ережелерге сәйкес жабдықталған.

Білім алушы студенттердің ақпараттық ресурстарға деген мүмкіндігі мол. Университетте 130 компьютер, 2 компьютер класы, оларда 40 компьютер бар.

Университет 5 оқу жылына «Шет тілдер және іскерлік карьера» университеті; «ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы»; «әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті»; «Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті»; «Ғылым ордасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны»; «Р.Б. Сүлейменов атындағы шығыстану институты», «РМЭБ», «Үшқоңыр медресе-колледжі» кітапханаларыменен жасалған келісімшарттарға сәйкес осы кітапханалардың ресурстарын студенттер мен оқытушылар пайдалана алады.

Оқырмандарға 2 жерден кітап беретін кітапханалық қызмет көрсететін оқу залында 87 орын бар, сондай-ақ 42 орындық электронды залда жүзеге асырылады. Пайдаланушыларға электрондық оқу залының электронды және магнитті тасығыштарда (компакт-дискілер, аудио және бейнекассеталар) энциклопедиялар, сөздіктер, анықтамалықтар, электронды оқулықтар мен оқу құралдары, оқыту бағдарламалары көру қарастырылған.

2011 жылдан бастап университетте заманауи мультимедиялық құрылғылармен, лингофондармен, компьютерлік техникалық жабдықтармен жабдықталған 20 орындық, 1 лингвистикалық класс жұмыс жасайды. Жылдамдығы 100 МБит/с. Интернет жүйесіне қосылған. Университетте біртұтас есептеу жүйесі жұмыс істейді. Қазіргі кезде интернетпен 2 оқу корпусы, 1 жатақхана, қамтамасыз етілген. Университетте оптикалық – талшықты байланыс желісі тартылған. Соған байланысты мәліметтердің берілу жылдамдығы 16 Мбит/с-дан 50 Мбит/с-ға артты. Университеттің барлық корпустары сол жүйеге қосылған, сонымен бірге 2 компьютер класы қосылған. Университетте заманауи техникамен (компьютерлермен, сканерлермен, принтерлермен) жабдықталған екі электронды зал жұмыс істейді.

Корпустарда Wi-Fi нүктелері жұмыс жасайды.

Сонымен қатар, университет оқытушылары, студенттері және магистранттары мен докторанттары республикалық жоғары оқу орындары арасындағы электрондық кітапхананың және 2016 жылы университет пен



Thomson Reuters компаниясы арасында жасалған келісімшартқа сай Web of Science ақпараттық ресурстарын пайдаланады.

Білім беру бағдарламасы аясында материалдық-техникалық базаны кеңейту, жаңарту және жетілдіру бағытында лицензиялау талабына сай тиісті шаралар жүзеге асырылып отырады. Жыл сайын оқу ғимараттарына, жатақханаларға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

Университеттің қаржы саясаты білім беру бағдарламасына, оқу үдерісінің сапасына негізделген. Университеттің тұрақты қаржы басқаруы бар және толықтай оқу үдерісін қамтамасыз етеді. Осылайша, университет білім беру бағдарламасында іске асырылатын жеткілікті және талаптарға сәйкес оқу үрдісін ұйымдастыруда пайдаланылатын ресурстарды кепіл етеді.

Университетте үлгерімінде кемшіліктері бар білім алушыларға арналған көмек көрсету жүйесі жұмыс атқаруда. Мысалы, дәлелді себепке байланысты шептік және қорытынды бақылаудан өтпеген студенттерге, оны өтеуге дербес мерзімі беріледі. Емтиханның дербес кестесін ауруын растайтын, босануына байланысты т.б. кредиттік технологиясы қарастырған ережелеріне, университеттің ішкі ережесіне сәйкес өтеуге рұқсат етіледі.

Курс бағдарламасын толық атқарған, бірақ курстан курсқа көшіру балын жинай алмаған білім алушыға, жазғы семестрде пәндерді ақылы негізде қайта оқып қорытынды емтихандарды тапсыруға мүмкіндік беріледі.

Университет басшылығы әлеуметтік жағынан аз қорғалған студенттерге материалдық қолдау көрсетуге ерекше назар аударады. Университетте осындай санаттағы студенттердің төлем ақысына жеңілдіктер қарастырылған(Өзін-өзі бағалау есебіндегі 6.2 Қосымша).

Материалдық-техникалық базаның үнемі жаңартылуы және ресурстармен қамтамасыз ету университеттің негізгі стратегиялық бағаттарының бірі. Бұл университеттің 2017-2020 жж. арналған Стратегиялық даму жоспарында мақсаттар, индикаторлар, күтілетін нәтижелер ретінде келтірілген. Мысалы, жоспарланған жаңа оқу ғимаратының құрылысы аяқталып, іске қосылған, жаңа спортзал салынған. Дегенмен білім алушылар контингентігінің екі есеге дейін артыуына байланысты материалдық-техникалық базамен қамтамасыз етуге қажеттілік байқалады.

Даму жоспарын құрастыруда негізгі басымдық білім алушылардың контингенті болып табылады, оның негізінде университетке қаражат түсуі анықталады. Бюджеттік және бюджеттік емес қаржыландырудың негізгі үлесі келісімшарт негізінде оқитын студенттер контингентінен тұрады. Әсіресе аталмыш БББ сырттай бөліміне сұраныстың жоғары екендігі байқалады.

Білім беру бағдарламасы аясында материалдық-техникалық базаны кеңейту, жаңарту және жетілдіру бағытында лицензиялау талабына сай тиісті шаралар жүзеге асырылып отырады. Жыл сайын оқу ғимараттарына, жатақханаларға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі.



Кесте Материалдық-техникалық базаны дамытуға жұмсалған қаржы динамикасы төмендегідей:

Қаржы бөлінген объектілер атауы	Бөлінетін қаржы көлемі (млн.тенге)				
	2013	2014	2015	2016	2017
Құрылыс жұмыстары	13502,4	23248	32034,8	30696,2	47539
Оқу лабораториялық жабдықтар	-	12454,5	10922,3	2270	23097
Компьютерлік техника және мультимедиялық құралдар	853,4	1970,3	4744,5	2891	3058
Кафедра сұранысы бойынша кітапхана қорын жаңартуға бөлінген қаржы	2005,8	583,4	2188,5	2543,1	2782

Білім алушыларының санының артуына байланысты қосымша жатақхана салу мәселесі тұр.

Дәлелдеме:

Сыртқы аудит барысында білім беру корпусы, аудиториялар, оқу залдары мен әдістемелік кабинеттер, жатақханалар қаралды.

Кітапхана, электронды оқу залын қарау барысында ондағы кітап қорының білім беру бағытына сәйкестілігі тексерілді.

Мерзімді басылымдар мен Web-сайт, кітапхананың электронды каталогының, компьютерлердің техникалық талаптар мен білім бағдарламасына сәйкестілігіне назар аударылды.

Жағымды тәжірибелер:

Ауқымды кітапхана қорына ие, шет тіліндегі (араб тілі) әдебиеттер үлесі басым. Араб тілін оқытуға қатысты электронды оқу құралдары заманауи техникалық мүмкіндіктерге ие.

Жақсарту шаралары:

Дінтану пәндері бойынша нақты әдебиеттермен қамтамасыз ету үшін еліміздегі «Дінтану» мамандарын даярлайтын кафедралармен байланысты нығайту.

Стандарт 7 - Жұртшылықты ақпараттандыру

Талдау мен дәлелдер:

Университет сайтында 5B020600-«Дінтану» БББ мынадай ақпараттар қарастырылған: университеттің білім беру мекемесі ретіндегі жалпы ақпараты; білім беру бағдарламалары мен бағдарламалар бойынша күтілетін нәтижелер жайлы ақпараттық материалдар, оқу формалары жайлы, университетке оқуға түсу жайлы ережелер; оқу үдерісін ұйымдастыру бойынша материалдар; университеттің халықаралық қарым-қатынастары жайлы материалдар; университеттің түрлі құрылымдық бөлімдерінің, орталықтарының, кафедраларының әрекет ету саласы бойынша тақырыптық



материалдарды таңдауға мүмкіндік; университеттің ағымды өміріндегі жайттар, университетте өткізілген іс-шаралар жайлы материалдар.

Білім беру бағдарламаларының дайындық деңгейлері жайлы толыққанды ақпарат университеттің сайтында берілген (www.nmu.kz). Дайындықтың барлық деңгейлерінің бөлімдері ортақ құрылым бойынша жасалған:

- бакалавриатқа білім беру бағдарламалары;
- университетке оқуға түсу шарттары;
- оқу ақысын төлеу шарттары.

Әрбір білім беру бағдарламасы үшін оның егжей-тегжейлі сипаттамасы көрсетілген бет жасалған. «Талапкер» бетінде талапкерлер мен олардың ата-аналары үшін баланың оқуға түсуіне қажетті құжаттар тізімі, сондай-ақ осы бетте жоғары білімнің кәсіби оқу бағдарламасын жүзеге асыратын оқуға қабылдаудың типтік ережелері де берілген. «Оқу үдерісі» бетінде Platonus ақпараттық жүйесіне сілтеме, семестрлік ранжирлеу қорытындысы, куратор-эдвайзерлер туралы ереже берілген. Platonus ақпараттық жүйесінде әрбір студенттің бүкіл оқу кезеңі барысындағы үдерісі жайлы толық ақпарат берілген. Барлық пәндер бойынша үлгерім жайлы есеп жүргізіледі, GPA, бұйрықтар мен жарнамалар жарияланады. Сондай-ақ әрбір студент, қызметкер және оқытушы жайлы ақпарат ұсынылған. Порталдағы ақпараттар үнемі жаңартылып отырады (www.edu.nmu.kz).

Университет порталы түрлі басылымдарды орналастыруға, жалпы білім беру бағдарламасын жүзеге асыру сайтының қонақтарының ұсыныстарын жариялауға мүмкіндік береді. Қызығушылық танытқан тұлғалардың ұсыныстарын қарастыру әдістерінің бірі ретінде тікелей университет сайтының басты парақшасындағы жоғары оқу орнының басшысының жеке блогына жазуға мүмкіндік берілген.

Жағымды тәжірибелер: Университет басшылығының білім алушылармен тығыз, қолжетімді жұмыс атқарып жатуы.

Ескерту:

Университет сайтында шет тілдерде мәліметтер аз.

Жақсарту шаралары:

Университет сайтының шет тілдерінде (араб, орыс, ағылшын) нұсқаларын жетілдіру қажет.



3ТАРАУ

ҚОРЫТЫНДЫ

Жалпылама білім беру бағдарламасының талаптары орындалғанымен білім беру стандарттары бойынша төмендегідей ескертулер мен жақсарту шаралары беріледі.

Стандарт 1 - Білім беру бағдарламасының мақсаттары және сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат - аздаған ескертулермен сәйкестендірілген

Ескерту:

Элективті пәндердің басым көпшілігі исламтану бағытына жақын. Сонымен бірге бітіруші курс студенттерінің дипломдық жұмыстарында исламға қатысты тақырыптар басымдықты құрайды.

Жақсарту шаралары:

Білім беру бағдарламасының тиімділігін арттыру үшін элективті пәндер каталогын жасау кезінде дінтану бағытына қатысты пәндерді көбірек енгізу.

Емтихан қабылдау кезінде тәуелсіз емтихан қабылдаушыларды тарту.

Стандарт 2 - Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпараттарды басқару - аздаған ескертулермен сәйкестендірілген

Ескерту:

Мамандыққа қатысты құзыреттілік толық белгіленбеген және көрсетілген құзыреттіліктер Дінтанушы маманның кәсіби бағытына сай келмейді.

Жақсарту шаралары:

Әдістемелік кеңес жұмысында пәннің оқу-әдістемелік кешен құрылымын қайта бекіту және оқытушылардың толық орындауын қамтамасыз ету.

Сырттай бөлімде оқитын білім алушылармен оқу үрдісін ұйымдастыру жолдарын жетілдіру, мысалы дистанциондық оқыту қолдану арқылы.

Стандарт 3 - Студенттік орталықтандырылған оқыту, білім беру және бағалау – аздаған ескертулермен сәйкестендірілген

Ескерту:

Білім алушылардың іс-тәжірибелік жұмыстарының құжаттарының рәсімдеуі талапқа сай келмейді.

Жақсарту шаралары:

Практика бойынша міндетті құжатарды толықтыру және мазмұнын әдістемелік кеңес отырысында бекіту.



IQAA сыртқы аудит бойынша есебі

Жеке сұхбат және материалдық базаны қарау барысында білім алушылардың толық жатақханамен қамтамасыз етілуі қажеттігін көрсетеді.

Академиялық ұтқырлық деңгейін көтеруге университеттегі бар мүмкіндікті тиімді пайдалану.

Стандарт 4 - Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау - сәйкес

Жақсарту шаралары:

ЖОО-на оқу әдістемелік кешендер мен олардың құрылымы мен мазмұнын қайта қарастыру, қажетті бөлімдермен толықтырылу ұсынылады.

Стандарт 5 - Профессор - оқытушы құрамы - сәйкес

Жақсарту шаралары:

Білікті ұстаздар мен жас мамандар арасында өзара тәжірибе алмасу үрдісі мазмұнын жетілдіру қажет.

Стандарт 6 - Оқу ресурстары және студенттерді қолдау - сәйкес

Жақсарту шаралары:

Дінтану пәндері бойынша нақты әдебиеттермен қамтамасыз ету үшін еліміздегі «Дінтану» мамандарын даярлайтын кафедралармен байланысты нығайту.

Стандарт 7 - Жұртшылықты ақпараттандыру - аздаған ескертулермен сәйкестендірілген

Ескерту:

Университет сайтында шет тілдерде мәліметтер аз.

Жақсарту шаралары:

Университет сайтының шет тілдерінде (араб, орыс, ағылшын) нұсқаларын жетілдіру қажет.



**Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінде
14-15 мамыр 2018 жылы мамандандырылған (бағдарламалық)
аккредитация бойынша жүргізілетін НКАОКО сараптама
тобының сыртқы аудит бағдарламасы**

Уақыты	Іс шара	Қатысушылар	Өткізілетін орны
13.05.2018 ж. Кесте бойынша	Сараптамалық топ мүшелерінің келуі	Б, СТ, К	Алматы қ., Қабанбай батыр көш., 85. «Алматы» қонақүйі.
1 күн : 14.05.2018 жыл			
8:30-9:00	ЖОО келу	Б, СТ, К	
9:00-10:00	Сарапшылардың жұмыс кабинеттеріне орналасуы, кіріспе жиналыс	Б, СТ, К	3-қабат 308-кабинет
10:00-10:30	Университет ректорымен сұхбаттасу	Б, СТ, К, ректор	Ректор кабинеті
10:30-11:15	Университет проректорымен сұхбаттасу	Б, СТ, К, проректор	Проректор кабинеті
11:15-11:30	Сараптамалық топ мүшелерімен пікір алмасу	Б, СТ, К	3-қабат 308-кабинет
11:30-12:15	Құрылымдық бөлім басшыларымен сұхбаттасу	Б, СТ, К, құрылымдық бөлім басшылары	3-қабат 309-кабинет
12:15 – 13:00	Білім беру бағдарламаларын жүзеге асырушы декан және кафедра меңгерушісімен сұхбаттасу	Б, СТ, К, кафедра меңгерушісі	3-қабат 308-кабинет
13:00-14:00	Түскі ас	Б, СТ, К	Университет асханасы
14:00-15:30	Білім бағдарламаларын жүзеге асыратын кафедраларды және оған қолдау көрсететін университет бөлімдерін аралап тексеру	Б, СТ, К	Кафедра, кітапхана, Офис тіркеушісі т.б.
15:30–16:15	Аккредиттеуден өтіп жатқан бағдарламаның бакалавриат студенттерімен сұхбаттасу және анкеталық сауалнама	Б, СТ, К, студенттер	3-қабат 309-кабинет
	Магистрант және докторанттардан анкеталық сауалнама жүргізу	К	3-қабат 307-кабинет
16:15–17:00	Аккредиттеуден өтіп жатқан білім бағдарламасының магистрант, докторанттарымен сұхбаттасу	Б, СТ, К, магистрант, докторанттар	3-қабат 309-кабинет



	Студенттермен анкеталық сауалнама жүргізу	К, студенттер	3-қабат 307-кабинет
17:00-17:10	Сараптамалық топ мүшелерімен пікір алмасу	Б, СТ, К	3-қабат 308-кабинет
17:10-17:55	Аккредиттеуден өтіп жатқан білім бағдарламасының кафедра ОҚ сұхбаттасу	Б, СТ, К	3-қабат 309-кабинет
17:55 -18:30	ОҚ анкеталық сауалнама жүргізу	К, ОҚ	3-қабат 307-кабинет
17:55 – 18:00	Сараптамалық топ мүшелерімен пікір алмасу	Б, СТ, К	3-қабат 308-кабинет
18:00-18:45	Аккредиттеуден өтіп жатқан білім бағдарламасының жұмыс берушілерімен кездесу	Б, ЭТ, К, жұмыс берушілер	3-қабат 309-кабинет
18:45-19:30	Аккредиттеуден өтіп жатқан білім бағдарламасының түлектерімен кездесу	Б, СТ, К, түлектер	3-қабат 309-кабинет
19:30 - 20:00	Сараптамалық топ мүшелерімен пікір алмасу	Б, СТ, К	3-қабат 308-кабинет
20:00	Кешкі ас	Б, СТ, К	Университет асханасы
20:30	Қонақүйге тасымалдау	Б, СТ, К	«Алматы» қонақүйі
21:00-22.00	Келесі күнге дайындалу	Б, СТ, К	
2 күн: 15.05.2018 жыл			
8:30-9:00	Университет корпусына келу	Б, СТ, К	
9:00-13:00	Кафедра құжаттарын тексеру және оқу үдерісіне қатысу	Б, СТ, К	3-қабат 308-кабинет, 1 оқу корпусы, 2 оқу корпусы
13:00-14:00	Түскі ас	Б, СТ, К	Университет асханасы
14:00-17:00	Кафедра меңгерушілері мен бөлім басшыларын іріктеп шақыру, СТ ұсыныстарымен жұмыс	Б, СТ, К	3-қабат 308-кабинет
17:00-18:00	Басшылықпен кездесу, болжамды нәтижелерді алдын ала көрсету	Б, СТ, К, ректор, проректор	3-қабат 308-кабинет
18:00-19:00	Кешкі ас	Б, СТ, К	Университет асханасы
19.00	Қонақүйге жеткізу	Б, СТ, К	«Алматы» қонақүйі
	Сарапшыларды шығарып салу		

Белгілер: Сараптамалық топ басшысы – **Б**; Сараптамалық топ – **СТ**; координатор – **К**; университеттің жауапты тұлғасы – **УЖТ**.

**СҰХБАТҚА ҚАТЫСУШЫЛАР****МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУҒА
ЖӘНЕ ӨТКІЗУГЕ ЖАУАПТЫ ТҰЛҒА**

№	Аты-жөні	Қызметі	Ғылыми дәрежесі, атағы	телефондар
1	Алий Рауфович Альмухаметов	Оқу бөлімінің меңгерушісі	Ф.ғ.к., доцент	

УНИВЕРСИТЕТ БАСШЫЛЫҒЫ

№	Аты-жөні	Қызметі	Ғылыми дәрежесі, атағы	телефондар
1	Жуда Абдулғани Басюни	Ректор	ф.ғ.д., профессор	
2	Шамшәдин Тұрсынұлы Керім	Проректор	филол.ғ.д., профессор	

ҚҰРЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕР БАСШЫЛЫҒЫ

№	Аты-жөні	Қызметі	Ғылыми дәрежесі, атағы	телефондар
1	Азат Жаксыбаев	Офис-тіркеуші	Магистр	
2	Рахымжан Акимбеков	Аппарат жетекшісі	Магистр	
3	Біржан Ботаев	Проректордың кеңесшісі		
4	Адам Ахмад Адам Махмуд	Аккредитация секторының меңгерушісі	PhD	
5	Шамшат Әділбаева	Рейтинг секторының меңгерушісі	PhD, қауымд.проф.	
6	Темур Маратов	Заңгер		
7	Гүлнар Қасымбаева	Бас есепші		
8	Қарлығаш Қайранбаева	Кадр бөлімінің меңгерушісі	Магистр	
9	Сұлтанхан Олжабаев	Әкімшілік-шаруашылық істер меңгерушісі	Магистр	
10	Қалбибі Бейісбек	Кітапхана меңгерушісі		
11	Сәуле Тлебалдина	Аға әдіскер	Магистр	
12	Гүлім Имашова	Магистратура және доктарантура бөлімшесінің меңгерушісі	Филол.ғ.к., доцент	
13	Маржан Жолмағанбетова	Оқу-әдістемелік кеңес төрайымы	Магистр	
14	Мейрамбек Шимтемир	Дін және тәрбие бөлімінің маманы		
15	Қанат Купешов	Диспетчер	Магистр	
16	Серік Бердібеков	Жүйелік әкімші		

ФАКУЛЬТЕТ ДЕКАНЫ

№	Аты-жөні	Қызметі	Ғылыми дәрежесі, атағы	Қай жылдан бері
---	----------	---------	---------------------------	--------------------



				университетте жұмыс істейді
1	Ахмад аль-Амир	Декан	PhD	2014ж.

КАФЕДРА МЕНГЕРУШІЛЕРІ

№	Аты-жөні	Қызметі	Ғылыми дәрежесі, атағы	Қай жылдан бері университетте жұмыс істейді
1	Қалмахан Ержан	Дінтану кафедрасының меңгерушісі	PhD, қауымд.проф.	2014ж
2	Гүлдархан Рысбаева	Жалпыгуманитарлық пәндері кафедрасының меңгерушісі м.а.	филол.ғ.к., доцент	2018ж.
3	Нұрлан Анарбаев	Исламтану кафедрасының меңгерушісі	PhD доктор	2017ж.
4	Бағдат Манабев	Араб тілі және әдебиеті кафедрасының меңгерушісі	PhD доктор	2017ж.

ДИНТАНУ КАФЕДРАСЫНЫҢ ПРОФЕССОР-ОҚЫТУШЫ ҚҰРАМЫ

№	Аты-жөні	Қызметі, ғылыми дәрежесі, атағы	Байланыс телефондар
1	Әділбаев Алау Шайқымұлы	PhD, қауымд.проф.	
2	Затов Қайрат Айтбайұлы	Ф.ғ.д., проф.	
3	Хамзеева Базар	Ф.ғ.к., доц.	
4	Мейір Жұлдызай Қаржаубайқызы	Ф.ғ.к., доц.	
5	Дүйсенбаева Альбина Құрақбайқызы	PhD доц. м.а.	
6	Махмет Мұратхан	Магистр, аға оқытушы	
7	Ишмаханов Жандос Жетесович	Магистр, аға оқытушы	
8	Есімқұлов Ернар Нұрмаханбетұлы	Магистр, оқытушы	

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ТІЗІМІ

№	Аты-жөні	Курс/ GPA	Байланыс телефоны
1	Карсембаева Жадыра Асылтайқызы	3/	
2	Мақсұтбай Қарлығаш Маратқызы	3/	
3	Исабек Ақжол	3/	
4	Наурызбай Еркебұлан Әділбекұлы	3/	
5	Демесбай Талғат	3/	
6	Токова Назгүл Аманжолқызы	3/	
7	Шәлімбаева Айдана Мәлсқызы	3/	
8	Айнадинов Нурлан Есенбайұлы	2/	
9	Алжигитов Нуржігіт Тұйғынбекұлы	2/	
10	Әбіш Ерхан Сапарбайұлы	2/	
11	Ділдәбек Мақсат Шамильұлы	2/	



12	Текбаев Нұржан Серікбайұлы	2/	
13	Турдалы Алмат Нұрсұлтанұлы	2/	
14	Шалқар Шыңғысхан Айдарұлы	2/	
15	Сапаров Ербол Махамбетович	2/	
16	Құдайбергенов Арнат Қанатұлы	2/	
17	Мукашев Азат Бауржанович	2/	
18	Айдос Әсет	2/	
19	Айтқожа Еркелді	2/	
20	Ережепбаев Досбол	1/	
21	Мухамедов Рамазан	1/	
22	Станбекұлы Әділет	1/	

ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕР ТІЗІМІ

№	Аты-жөні	Қызметі, жұмыс орны	Байланыс телефоны
1	Алсабеков Мухаммад-Хусайн Усманұлы	ҚМДБ Мүфтидің Бас кеңесшісі	
2	Сатершинов Бахытжан Менлибекович	Философия және саясаттану институты Дінтану бөлімінің меңгерушісі	
3	Есенбеков Айдар Рахимжанович	Алматы қаласы Дін істері жөніндегі басқарма бастығы	
4	Бекмұратов Байұзақ Орынбасарұлы	ҚМДБ Кадр бөлімінің меңгерушісі	
5	Есмағанбет Нұрбек Әуесханұлы	ҚМДБ Дін істері және талдау бөлімі	
6	Борбасова Қарлығаш Молдағалиқызы	Әл-Фараби атын. ҚазҰУ профессоры	
7	Құрманбаев Қайрат	Әбу Ханифа ғылыми зерттеу орталығының директоры	

ТҮЛЕКТЕР ТІЗІМІ

№	Аты-жөні	Бітірген жылы	Оқу деңгейі	Қызметі, жұмыс орны	телефон
1	Тәуекелова Салтанат	2013	Магистр	Нұр-Мұбарак ЕИМУ Кітапхана маманы	
2	Мурзабаев Кенжалы	2016	Магистр	Имамдарды даярлау институтының директоры	
3	Көптілеуов Бақытжан	2016	Магистр	Алматы қаласы Медина мешітінің бас имамы	
4	Мәженұлы Ермұхамет	2012	Бакалавр	Әл-Фараби атын. ҚазҰУ Дінтану кафедрасының оқытушысы	
5	Қоспағар Ербол	2013	Бакалавр	Алматы қаласында мешіт имамы	
6	Орынбаев Едіге	2015	Бакалавр	Нұр-Мұбарак ЕИМУ аударма бөлімінің маманы	
7	Наухан Айжан	2017	Бакалавр	Мектеп мұғалімі	